Сізге POLARIS сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің өнімдеріміз сапа, функционалдылық пен дизайнның жоғары талаптарына сәйкес әзірленген.

Сіз біздің фирмамыздың жаңа өнімін сатып алғаныңызға риза болатыңызға сенімдіміз.

Су жоғарыдан құйылатынының ыңғайлылығын бағалайсыз деп үміттенеміз: резервуарды су көзіне апару қажеттігінің жоқтығын және басқарудың оңайлығын.

## АУА ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ

Ауаның ылғалдылығы адам денсаулығын сақтау үшін өмірлік қажетті көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Ауада ылғи сулы бу бар, оның пайызы қоршаған ортаның температурасына байланысты.

Қазіргі заманғы темірбетонды және кірпіш ғимараттарда, әсіресе қысқы уақытта, ылғалдылықтың төмендеген деңгейі байқалады.

Үй-жайдағы құрғақ ауа терінің тітіркенуін және қайызғақтануын тудырады, көз бен тамақта құрғақтық сезімі пайда болуы мүмкін, бұл хал-жайды нашарлатады.

Біздің ауа ылғалдандырғышымыз осы проблеманы жеңуге және жайлылық деңгейін жоғарлатуға көмектеседі.

Бұл тек қана ересектерге емес, сонымен қатар балаларға және тіпті үй жануарларына да қатысты. Кеуіп қалған шырышты қабықша қысқы уақытта салқын тигеннен болатын және басқа жұқпалы ауруларға бейімділікті жоғарлатады.


Аспапты пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпараты бар осы нұсқаулықты, сондай-ақ құралды дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсыныстарды мұқият оқып шығыңыз.

Нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен, мүмкіндігінше, картон қораппен және орауыш материалмен бірге сақтап қойыңыз.

# ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИЫНТЫҒЫ



# БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ





# БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



## БАТЫРМА

## МАҒЫНАСЫ

ON/OFF



1. Аспаты қос. / сөнд.
2. Бу түзілуінің қарқындылығын таңдау

TIMER



Қос. және автосөндірілу таймерін орнату

# ДИСПЛЕЙДЕГІ ИНДИКАТОРЛАР



## СИМВОЛ

## МАҒЫНАСЫ

**32**

Ауаның нақты немесе белгіленген ылғалдылығы


**1~12**

Таймер 1-ден 12 сағатқа дейінгі диапазонда (қадамы 1 сағ.) орнатылған




Бу берудің жылдамдығы: төмен, орташа, жоғары жылдамдық

# ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСУ



1 Алғашқы рет іске қосар алдында аспапты үй-жайда 30 минутқа қалдырыңыз.



1. Жоғарғы қақпақшаны шешіп алыңыз.
2. Ылғалдандырғыш табанынан су резервуарын шешіңіз.



3 Тек қана суық таза суды (сүзгіленеген немесе тазартылғанды) пайдаланып, суға арналған резервуарды толтырыңыз.




4 **MAX** бактағы судың максималды деңгейі




Бакқа су құйған кезде бу шығуына арналған тесікке су түспейтінін қадағалаңыз.



**РЕЗЕРВУАРДА СУ БОЛМАҒАН КЕЗДЕ АСПАПТЫ ЕШҚАШАН ІСКЕ ҚОСПАҢЫЗ.**



1. Бакты ылғалдауыштың табанына орнатыңыз.
2. Жоғарғы қақпақшаны орнатыңыз.
3. Аспапты желіге қосыңыз.



6

1. Ылғалдандырғышты (ON/OFF) батырмаға басу арқылы іске қосыңыз.
2. Аспап жұмысын бастайды, дисплейде жайдағы ылғалдылық деңгейінің ағымдағы мәні көрсетіледі.

# ОРНАТУДЫҢ ДҰРЫС ОРНЫ



Бір сағат ішінде ылғалдандырғыш шамамен жарты литр су шығарады.

Сондықтан аспап орнатылатын дұрыс орынды таңдау маңызды.



Аспапты тікелей еденге қоймаңыз, өйткені будың ағыны едендік жабынды, мысалы, паркетті немесе кілемді, бүлдіруі мүмкін




- Ауа ылғалдандырғыш еден деңгейінен жоғары, мысалы, үстелдің, комодтың және т. б. үстіне, жайғастырылуы тиіс.
- Аспап ең жақын қабырғадан 30 см жақын орнатылмағанын қадағалау қажет.
- Бүріккішті қабырғаға, өсімдіктерге, жиназға және басқа заттарға, оларды конденсат бүлдірмеуі үшін, бағыттамаңыз. Кем дегенде 30 см қашықтықты сақтаңыз.

# ЫЛҒАЛДАНДЫРҒЫШ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ



- Су жетіспеген кезде аспаптың автоматты түрде сөндірілуі. Су бачогының көлемі ылғалдандырғыштың жеткілікті ұзақ жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Егер Сіз бачоктағы су бітіп қалғанын байқамай қалсаңыз, аспап автоматты түрде сөнеді.
- Ауа ылғалдылығының индикациясы.
- «Таймер» функциясы. Бұл функция таймерді 12 сағатқа дейінгі уақытқа орнатуға мүмкіндік береді.
- Төмен энергия тұтынудағы жоғары тиімділік.

# ТАЙМЕР ФУНКЦИЯСЫ

«Таймер» функциясы құрылғы автоматты түрде өшірілетін уақытты (1 сағаттан 12 сағатқа дейін 1 сағаттық қадаммен) орнатуға мүмкіндік береді.

Таймерді іске қосу үшін басақру панеліндегі (TIMER)  батырмасын басыңыз және аспаптың қалаулы жұмыс уақытын орнатыңыз.

Дисплейде аспап сөндірілуіне дейін қалған уақыт көрсетілетін болады.




Құрал сусыз қосудан қорғаныспен жабдықталған.



Құралдың базасынан резервуарды шешкенде немесе резервуарда су жоқ болған кезде құрал өшеді.

Жұмысты қайта басау үшін су құйылған резервуарды базаға қойыңыз немесе резервуарды жоғарғы құйма арқылы суға толтырыңыз және іске қосу батырмасын қайталап басыңыз.

# БУ БЕРУДІҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ

Аспап бу берудің 3 жылдамдығымен жабдықталған.

(ON/OFF)  батырмасына қысқа басумен бу берудің қалаулы жылдамдығын таңдаңыз, дисплейде тиісті мәні көрсетіледі: төмен жылдамдық, орташа жылдамдық, жоғары жылдамдық;



## Назар аударыңыз!

Аспапты дымқыл немесе ылғал бетке қоюға, суға батыруға немесе қуат баусымы мен аспап корпусы түйісетін жерлерге судың түсуіне жол беруге тыйым салынады.

Аспапты су резервуарының толтырылуы кез келген деңгейде болғанда жылжытпаңыз.

# КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Ауа ылғалдандырғышты пайдалану уақытына байланысты аспаптың ішкі бөлшектерінде әк өңезі пайда болуы мүмкін. Бұған қоса, тұрып қалған судың салдарынан аспаптың ішкі элементтері ластануы, және сонымен қатар жағымсыз иістер пайда болуы мүмкін. Сондықтан аспапқа үнемі күтім жасау және оны тазалау – бұл оны санитарлық нормаларға сәйкес үзіліссіз пайдаланудың шарты.

Тазалау мен күтім жасаудың ұсынылатын аралықтары ауаның сапасына, сонымен қатар пайдаланудың нақты ұзақтығына байланысты.

Сырттан тазалау үшін жұмсақ, ылғал майлықты пайдаланыңыз.



Әр тазалау алдында штепсельдік айырды розеткадан суырып алып отырыңыз.

Аралық	Операция
Күнделікті	Резервуардағы судың деңгейін тексеру, қажет болғанда су қосу
Пайдаланусыз 1-ші аптадан бастап	Босату және тазалау
Әр 2 апта сайын	Түпқойманы және суға арналған резервуарды тазалау

## СУДЫҢ КЕРМЕКТИГІ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Сіздің назарыңызды кез келген ылғалдандырғыш пайдаланылатын судың сапасы мен құрамына, оның құрамындағы қоспалардың бар болуына, аспапқа лайықсыз күтім жасаудан түзілімдердің пайда болуына сезімтал аспап болып табылатынына аударамыз.

Кермек суды (мысалы, шүмектен алынғанды) пайдаланғанда түрлендіргіште көбік, сондай-ақ қоршаған заттар мен жиһазға түсетін ақ өңез пайда болуы мүмкін.

**Ылғалдандырғыш үзіліссіз жұмыс істеуі үшін біз ұсынамыз:**

- 1) Тазартылған немесе сүзгіленген суды пайдалану.
- 2) Суға арналған резервуарындағы суды күнделікті ауыстыру және оның ішін ағынды сумен шаю.
- 3) Ылғалдандырғышқа аптасына 1 реттен кем емес тазалау жүргізу. Су құбырынан алынған сүзгіленбеген суды пайдаланғанда ылғалдандырғышты бұдан жиі тазалау қажет.



# АСПАПҚА КҮТІМ ЖАСАУ БОЙЫНША ЕРЕЖЕЛЕР



Ылғалдандырғыш үзіліссіз жұмыс істеуі үшін өндіруші ұсынады:

- ❑ Тазартылған немесе сүзгіленген суды пайдалану керек
- ❑ Су резервуарындағы суды күнделікті ауыстыру және оның ішін ағынды сумен шаю
- ❑ Ылғалдандырғышқа аптасына 1 реттен кем емес тазалау жүргізу.



Шүмектен алынған сүзілмеген суды пайдаланғанда ылғалдандырғышты жиірек тазалау қажет.

## РЕЗЕРВУАРҒА КҮТІМ ЖАСАУ БОЙЫНША ЕРЕЖЕЛЕР

- 1) Аптасына кем дегенде 1 рет қазақ ысқыштарды пайдаланусыз жұмсақ жуғыш құралдарды (мысалы, ыдысқа арналғанды) қосып резервуарды жылы сумен жуу. Тазалауды аяқтағаннан кейін резервуарды төңкеру және, 2-суретте көрсетілгендей, беру клапанына басып, оны түбі жағынан ағынды сумен жуып-шаю қажет.
- 2) Суға арналған резервуарындағы суды күнделікті ауыстыру және оның ішін ағынды сумен шаю.
- 3) Ылғалдандырғышқа аптасына 1 реттен кем емес тазалау жүргізу. Шүмектен алынған сүзілмеген суды пайдаланғанда ылғалдандырғышты жиірек тазалау қажет.



Резервуарды қазақ жуғыштарды пайдаланусыз суға жұмсақ жуғыш құралдарды қосып жуу қажет.



Резервуарды төңкеріңіз және, суретте көрсетілгендей, беру клапанына басып, оны түбі жағынан ағынды сумен жуып-шайыңыз.



Суға арналған резервуарындағы суды күнделікті ауыстырыңыз және оның ішін ағынды сумен шайыңыз.



# РЕЗЕРВУАРДЫ ӨҢЕЗДЕН ТАЗАЛАУ


## ТҮЗІЛІМДЕРДЕН ТАЗАЛАУ

Қатты ластануларда резервуарды өңезден тазалау үшін қақтан тазалауға арналған ылғалдандырғышпен жиынтыққа кіретін арнайы құралды пайдалануды ұсынамыз.

Сонымен қатар лимон қышқылының ерітіндісін немесе асханалық сіркесудің әлсіз ерітіндісін пайдалануға болады:

- Резервуарды ылғалдандырғыштан алып шығыңыз.
- 25 гр. лимон қышқылын 0,5 л жылы сумен араластырыңыз.
- Немесе судың 2/3 бөлігін және 6%-9% асханалық сіркесудың 1/3 бөлігін араластырыңыз.
- Алған ерітіндіні су резервуарына құйыңыз.
- 15 минутқа қалдырыңыз, содан кейін ерітіндіні резервуардан ағызыңыз.
- Резервуарды суық сумен бірнеше рет шайыңыз.
- Қажет болса, тазалауды қайталаңыз.
- Резервуарды құрғатып сүртіп алыңыз.

**1**




Судың 2/3 бөлігін және 6%-9% асханалық сіркесудың 1/3 бөлігін араластырыңыз.

**2**



25 гр. лимон қышқылын 0,5 л. жылы сумен араластырыңыз.

**3**



1. Резервуардың қақпағын бұрап ашыңыз  
2. Алған ертіндіні су резервуарына құйыңыз және 15 мин. қалдырыңыз.

**4**



Резервуарды суық сумен бірнеше рет шайыңыз.

# ЖҰМЫС БАЗАСЫНА КҮТІМ ЖАСАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Сүзгіленген немесе тазартылған су пайдаланғанда аптасына кем дегенде 1 рет жұмыс базасынан су қалдығын ағызып, жұмыс базасының ішін абайлап сумен жуу қажет.
  - Шүмектен алынған сүзгіленбеген суды пайдаланғанда жоғарыда көрсетілген операцияны күнделікті жүргізу ұсынылады.
- Аспаптың жұмыс базасының басқарудың электрондық компоненттері орналасқан жасырын қуыстарына судың түсуіне жол бермеңіз.


## ЖҰМЫС БАЗАСЫН ӨҢЕЗ БЕН ТҮЗІЛІМДЕРДЕН ТАЗАЛАУ

- Жұмыс базасының негізгі компоненті болып мембранасы бар бу түзілуін өндіретін ультрадыбыстық сәулелендіргіш табылады (суретті қар.).
- Аспаптың сәулелендіргіш мембранасында ластану, өңез бен түзілімдер пайда болғанда:
- Жұмыс базасына резервуарды тазалауға арналған ерітіндінің бірінің (лимон қышқылының ерітіндісі немесе асханалық сіркесудің әлсіз ерітіндісі) 200-250 мл құйыңыз, 15 минут күтіңіз, ал содан кейін бәрін қылшақпен (жиынтықта болмауы мүмкін) тазалап шығыңыз.




- Ерітіндімен өңдегеннен кейін бәрін ылғал матамен абайлап сүртіп алыңыз.
- Сәулелендіргіш мембранасын тазалау үшін қатты немесе өткір заттарды пайдаланбаңыз.
- Аспаптың жұмыс базасының басқарудың электрондық компоненттері орналасқан жасырын қуыстарына судың түсуіне жол бермеңіз.

1




Судың 2/3 бөлігін және 6%-9% асханалық сіркесудың 1/3 бөлігін араластырыңыз.

2



25 гр. лимон қышқылын 0,5 л. жылы сумен араластырыңыз.

3



Жұмыс базасына резервуарды тазалауға арналған ерітіндінің бірінің 200-250 мл құйыңыз, 15 минут күтіңіз, содан кейін бәрін қылшақпен тазалап шығыңыз.

4



Ерітіндімен өңдегеннен кейін бәрін ылғал матамен абайлап сүртіп алыңыз.



### Назар аударыңыз!

Сіздің назарыңызға пайдалану ережелерін сақтамау және ақаулық болған жағдайда ылғалдандырғышқа тұрақты күтімнің болмауы өндірушінің кепілдік міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеп соғуы мүмкін екенін жеткіземіз.

# ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған.
- Аспап тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Аспаптың және желілік баусымның зақымдануы болған жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз. Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін аспапты пайдаланбау дұрыс болады. Пайдаланар алдында құрал білікті маманмен тексерілуі тиіс.
-  **Назар аударыңыз!** Құралды ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.
- Ешбір жағдайда құралды суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Қосымша қорғаныс үшін қорғаныс сөндірілу құрылғысын (ҚСҚ) орнату жөн болады. Кеңес алу үшін білікті маманға жүгініңіз.
- Құралды тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында құралды желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Құралды желіге қосу алдында ол өшірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Құралды үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, өткір бұрыштарға соғылудан, ылғалдылықтан сақтаңыз (еш жағдайда аспапты суға батырмаңыз). Аспапқа ылғал қолыңызды тигізбеңіз. Құралға су тиген кезде оны бірден желіден өшіріңіз.
- Пайдалану аяқталған кезде, құралды тазалғанда немесе ол сынғанда оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Бұл құрал физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Желілік баусымынан ұстап, аспапты тасымалдауға боламайды. Сондай-ақ аспапты, оның желілік баусымынан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқан кезде штепсельдік айырдан ұстаңыз.
- Пайдаланудан кейін ешқашан желілік баусымды аспапты айналдырып орамаңыз, өйткені бұл уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Желілік баусымды сақтаған кезде ылғи түзетіп қойыңыз.
- Баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа өздігіңізден жөндеу жүргізбеңіз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс. Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.

# АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспап тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Алғашқы пайдаланар алдында аспапты бөлме температурасында 30 минут ішінде ұстаңыз.
- Ылғалдандырғыштың жұмыс істеуінің қолайлы жағдайлары: температура 5-40С, салыстырмалы ылғалдылық 80%-дан төмен.
- Аспапты тегіс емес, тұрақсыз беттерде пайдалануға тыйым салынады.
- Жұмыс істеген кезде ылғалдандырғыш жиһаздан және басқа заттардан, олардың бүлінуіне жол бермеу үшін, жеткілікті қашықтықта болуы тиіс.
- Тазалаған кезде, суға арналған бачокты толтырғанда аспапты желіден ажыратып қойыңыз.
- Суға арналған бачок бос болғанда аспапты сөндіріп қойыңыз.
- Аспапты толтыру үшін температурасы 40С төмен таза суық суды (тек қана тазартылған немесе сүзгіленген суды) пайдаланыңыз, суға хош иісті қоспаларды, майларды және басқ. қосуға жол берілмейді.
- Күнделікті 12 сағат ішінде пайдаланған кезде ылғалдауышты аптасына 1 реттен кем емес тазалау қажет – «Күтім және қызмет көрсету» бөлімін қар.

## ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

Аспап тұрмыстық пайдалануға арналған.

Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалану үшін және үй-жайлардан тыс пайдалануға арналмаған.



Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.

# АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақаулық	Себебі	Жою
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ СК дисплей жанбайды</li> <li>➤ Бу шықпайды</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Аспап желіге қосылмаған</li> <li>✓ Желіде кернеу жоқ</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аспапты желіге қосыңыз.</li> <li>2. Желідегі кернеуді тексеріңіз.</li> </ol>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ СК жанып тұрады, бірақ бу шықпайды</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Суға арналған бачок бос.</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бачокты суға толтырыңыз</li> </ol>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ СК Дисплей жанып тұр, бірақ аспап жұмыс істемейді</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Бачокта су тым көп</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Артық суды ағызыңыз</li> </ol>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Іске қосқанда болатын жағымсыз иістер</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Аспап әлі жаңа.</li> <li>✓ Су лас немесе тұрып қалған</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бачокты салқын жерде ашық күйде 12 сағатқа қалдырыңыз.</li> <li>2. Бачокты тазалаңыз, оны таза суға толтырыңыз</li> </ol>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Шығатын будың көлемі тым кішкентай</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Сәулелендіргіш ластанған.</li> <li>✓ Су лас немесе тұрып қалған</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сәулелендіргішті тазалаңыз.</li> <li>2. Бачокты тазалаңыз, оны таза суық суға толтырыңыз.</li> </ol>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Әдеттен тыс дыбыстар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Бачок ылғалдандырғыштың табанына орнатылмаған.</li> <li>✓ Бачок бос</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аспапты дұрыс орнатыңыз</li> <li>2. Резервуарды суға толтырыңыз</li> </ol>



**Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.**

## Назар аударыңыз!



Егер жоғарыда көрсетілген қадамдардың көмегімен Сіз проблеманы өзіңіздің күшіңізбен жоя алмаған болсаңыз, Сіздің өңіріңіздегі ең жақын орналасқан POLARIS Авторизацияланған сервистік орталыққа жүгінуді ұсынамыз.

\*Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

**Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.**

# САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ, КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

## САҚТАУ

Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

## ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

## КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Электр құралының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз. Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанЕжН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті жинауға жатады.

Техникалық сипаттамалары	
Желі кернеуі	220-240 В
Жиілік	~50 Гц
Қуат	25 Вт
Суға арналған бачоктың көлемі	4 литр
Судың орташа шығындалуы	350 мл/сағ дейін
Қорғау класы	II

**Ескерту:** Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

# СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнім КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және өнімнің Кеден Одағы мүше мемлекеттері нарығында айнарудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



**Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.**

**Бұйымның есептік қызмет ету мерзімі: 3 жыл**

**Кепілдік мерзімі: сатып алған күннен бастап 1 жыл**

## **Өндіруші:**

MANUFACTURER: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,  
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC  
at factory FOSHAN SAMYOO ELECTRONIC CO., LTD  
528322, Jiangcun Industrial Zone, Leliu Town, Shunde, Foshan, Guangdong,  
China

Қытайда өндірілген.

**Импорттаушы және өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:**

"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I-үй-жай 13-бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны: 8 800-700-11-78



# КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Бұйым:** Ультрадыбыстық ауа ылғалдандырғышы

**Моделі:** PUN 7045TFD

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 12 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
  - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
  - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділерінен;
  - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
  - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуіден;
  - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуынан;
  - Авторизацияланған сервис орталықтары\* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуден;
  - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндірушіге кепілдікті міндеттеме жүктелмейді.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.
6. Бұл кепілдік әрлеу бөліктерінің, саптамалардың және керек-жарақтардың, шамдардың, батареялардың, экрандардың, сүзгілердің, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыштардың, белдіктердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі және жұмыс кезінде қалыпты тозуға ұшырайтын басқа да бөлшектердің тозуын қамтымайды.

**Назар аударыңыз!!** Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдікті жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\* Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.



